



«Бекітемін»
ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту
институты» РММ директоры
Г. Онланбекқызы
«19» / 01 2024 ж.

**Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың
ата-аналарының қатысуымен «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор
бала» қолдан жасалған бұйымдар республикалық
байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» республикалық байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің (бұдан әрі – Институт) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** балалар арасында сәндік-қолданбалы шығармашылықтың салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен, тарихымен таныстыру және танымал ету, тәрбиеленушілердің белсенділігі мен танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру арқылы қазақ халқының мәдени мұрасына деген мақтаныш пен құрмет сезімін тәрбиелеу.

1.4. Міндеттері:

- балаларды Отанына, еліне, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін және қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- педагогтерді ұлттық құндылықтарды балалардың тұтас дамуының қазіргі заманғы теорияларымен үйлесімді үйлестіруге ынталандыру;
- балалар мен ата-аналар қоғамын ұлттық бұйымдар мен композициялар жасауға байланысты шығармашылық іс-әрекетке тарту;
- қиял мен еңбекқорлықты дамыту, балалардың шығармашылық қарым-қатынасын ұйымдастыру, олардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың дербестігін және ересектердің балаларға деген достық қарым-қатынасын ынталандыру.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттары

2.1. Байқаудың ұйымдастырушылары – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық, қалалық білім бөлімдері, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары.

2.2. Байқаудың I және II кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың

білім басқармасының байланыс телефондары мен электрондық поштасын көрсету қажет.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең – аудандық (қалалық);

II кезең - облыстық;

III кезең - республикалық деңгей.

2.4. Өңірлерде Байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда Байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін білім басқармасы басшысының бұйрығымен аудан, қала, облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде байқау комиссиясы құрылады (құрамы кемінде 7 адам).

2.6. Байқау комиссиясы аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының мамандары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлер, білікті педагогтер, ата-аналар қоғамының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.7. Байқау комиссиясы мүшелері келесі құқықтарға ие болады:

- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындарды бермеу;

- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарастырмау;

- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау;

- Ережеде көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген бейнематериалдарды қарамауға (2.9-тармақ.).

2.8. Республикалық кезеңнің байқау комиссиясының қарауына қажетті материалдардың тізбесі:

1) Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

3) қатысушылардың санын көрсете отырып, II кезең қорытындысы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының байқау комиссиясының **хаттамасы** (сканерленген көшірмесі);

4) ресімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау критерийлеріне сәйкес келетін **бейнематериал**.

2.9. Материалдар мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» қолдан жасалған бұйымдар республикалық байқауының атауымен **2024 жылдың «14» наурызынан** кешіктірілмей i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. Қатысушыларға қойылатын талаптар және байқау шарттары

3.1. « Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» байқауы мектеп жасына дейінгі балалар, олардың ата-аналары, ата-әжелері («Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» және «Аналар мектебі» жұмыстарын жандандыру мақсатында) арасында матадан, жүннен, былғарыдан, киізден, ағаштан, жіптен, қағаздан, саздан және т. б. қолөнер жасау бойынша өткізіледі.

3.2. Байқау ортаңғы топ (1 жеңімпаз), ересек және мектепалды топтар мен сыныптар (1 жеңімпаз) балаларының ұжымдары арасында өткізіледі. Байқау жеңімпаздары әр жас тобы бойынша жеке анықталады.

3.3. Байқауға қатысуға жеке жұмыстар (бір тәрбиеленуші педагогпен немесе ата-анамен), сондай-ақ топтық жұмыстар (педагогпен немесе ата-анамен (5 адамға дейін) жіберіледі. Бір автор немесе топ тек бір жұмысты ұсына алады.

3.4. Байқау шығармашылық мереке атмосферасын құра отырып, балалар үшін қауіпсіз жерде, эстетикалық безендірілген үй-жайда өткізіледі.

3.5. Бейнелер YouTube бейне платформасына жүктеледі, сілтеме өтінімде орналастырылады.

3.6. Жұмыста:

- 1) баланың жасына сәйкестігі;
- 2) қауіпсіздік ережелерін сақтау
- 3) баланың қызығушылығы және өзін ойын еркін білдіруі;
- 4) бала мен ата-ананың қызметі (бірлесіп орындаған кезде) көрсетілуі қажет.

3.7. Байқауға қатысушының өтінімі осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, Байқау өткізу шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

4. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

4.1. Орындау деңгейі келесі критерийлер бойынша 5 балдық жүйе бойынша бағаланады:

- орындау техникасы мен сапасы;
- қолөнердің (жұмыстың) орындалу шеберлігі мен мәнерлілігі;
- қиял және дизайнның өзіндік ерекшелігі;
- жұмыс мазмұнының байқау тақырыбына сәйкестігі;
- шығармашылық ойдың қатысушы жасына сәйкестігі.

5. Бейнематериалға қойылатын талаптар

5.1. Байқау бейнежазбасы мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

- түсірілім кәсіби, сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай (басынан аяғына дейін) орындалуы тиіс;
- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;
- әр файлдың өлшемі 300 Мб-тан аспауы тиіс;
- бейне файлдарда қатысушылар туралы ақпарат болуы керек (аты-жөні, жасы, мектепке дейінгі ұйымның атауы (2-қосымша);
- бейнесюжетті ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтау;
- дыбыс сапасы, бейнероликтің ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс.

5.2. Бейнематериалдың басты бетінде мыналар көрсетілуі керек:

- мектепке дейінгі ұйымның атауы;
- жұмыстың атауы;
- авторлар (баланың тегі, аты, жасы) және басшылары (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) туралы мәліметтер.

6. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау

6.1. Байқау комиссиясы жеңімпаздарды келесі орындар бойынша анықтайды:

I орын;

II орын;

III орын.

Номинациялар:

«Үздік шығармашылық идея»

«Ең шынайы жұмыс»;

«Үздік композициялық шешім»;

«Тапқырлық пен шығармашылық ізденіс үшін».

6.2. Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпаздары дипломдармен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріледі.

6.3. «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» байқауының қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілер парақшасында жарияланады.

Анықтамалар үшін телефон: 8 (7172) 28-09-50

Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» қолдан жасалған бұйымдар республикалық байқауына қатысуға _____ облысынан (қала)

ӨТІНІМ

Білім беру ұйымының толық атауы (МДҰ жарғысына сәйкес)	
Қатысушылар туралы мәліметтер (тегі, аты, балалардың жасы)	
Қатысушылар саны	
Жұмыс атауы	
Педагогтің аты-жөні және лауазымы	
Жауапты педагогтің байланыс телефоны	
Бейнематериал орналастырылған YouTube бейне платформасынан сілтеме	